



**Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ФК-31 ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ:
ТЕМІРБЕКОВ БЕКЖАН
ҚҰДАЙИГЕН НҰРБОЛ**





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЛИМАТЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ



Мазмұны



Кіріспе

1 Инвестиция түсінігінің теориялық негіздері

1.1 Инвестицияның экономикалық мазмұны, инвестиция рөлі, түрлері

1.2 Инвестициялық климаттың ел экономикасындағы атқаратын қызметтері мен рөлі

2 Қазақстан экономикасындағы инвестициялық климатын және қызметін талдау

2.1 Инвестициялық климаттың мәні және оның қажеттілігі

2.2 Инвестициялық қызметті қаржыландыру және несиелеу көздері

3 ҚР инвестициялық климатының мәселелері мен дамыту жолдары

3.1 Тартымды инвестициялық ахуал – ел экономикасын дамытудың негізі

3.2 Шетел инвестицияларының елдің инвестициялық климатын қалыптастырудағы маңыздылығы

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қосымша

Ғылыми жобаның өзектілігі



Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесс әлеуметтік – экономикалық дамуымыздың негізгі алғы шартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр. Инвестициялар кез – келген ұлттық экономиканың маңызды да қажетті қоры болып саналады. Инвестициялық жобаларды іске асыру өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру онымен қоса жұмыс орындарының көбейіп, тұрғындарды еңбекпен толығымен қамтамасыз етуге, сөйтіп халқымыздың өмір деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді. Сонымен, елімізде жүргізіліп жатқан инвестициялық процесті экономикалық пайда кіргізіп, әлеуметтік саланың өркендеуіне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз керек. Осыған орай, инвестициялық іс — әрекетті талдауда оның тиімділігіне экономикалық шаралармен бірдей әсер ететін әлеуметтік шараларды ерекшеленудің маңызы зор.

Ғылыми жобаның мақсаты

ҚР инвестициялық қызметі мен инвестициялық климатына талдау жасау және оңтайландыру жолдары мен шешу мәселелерін анықтау болып табылады.

Ғылыми жобаның міндеттері:

- Инвестицияның экономикалық мазмұны, инвестиция рөлі, түрлері;
- Инвестициялық климаттың ел экономикасындағы атқаратын қызметтері мен рөлі;
- Инвестициялық климаттың мәні және оның қажеттілігі;
- Инвестициялық қызметті қаржыландыру және несиелеу көздері;
- Қазақстан экономикасындағы инвестициялық климатқа талдау;
- Тартымды инвестициялық ахуал – ел экономикасын дамытудың негізі;
- Шетел инвестицияларының елдің инвестициялық климатын қалыптастырудағы маңыздылығы.

1 Инвестиция түсінігінің теориялық негіздері

1.1 Инвестицияның экономикалық мазмұны, инвестиция рөлі, түрлері

Инвестиция деңгейі қоғамның ұлттық табысының көлеміне ықпал етеді, ұлттық экономиканың көптеген макропропорциялары инвестиция қозғалысына тәуелді. Кейнстік теория бойынша инвестиция мен жинақ ахуалы әртүрлі процестер мен жағдайлар арқылы анықталады. Ел аумағындағы инвестициялар ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесін анықтайды. Жаңа кәсіпорындар құрылысы, үй тұрғызу, жол салуларға байланысты жаңа жұмыс орнын жасау инвестициялық процестерге немесе капиталдың құрылуына тәуелді.



Инвестициялар төмендегі мақсаттарды шешуге көмектеседі :

- Қаржы және материалдық қорларды жинақтау арқылы өз кәсіпкерлік іс-әрекетін кеңейту ;
- Жаңа кәсіпорындарды сатып алу ;
- Бизнесті жаңа салаларды меңгеру арқылы түрлендіру (диверсификация) .

Осы уақытқа дейін экономикалық әдебиеттерде инвестиция туралы көптеген ұғымдар қалыптасты. Көптеген авторлар капитал салымы мен инвестиция арасында айырмашылық жасамайды, ал кейбіреулер инвестиция ұғымын кез келген құралдарды, олардың мақсаттық бағыттарына қарамастан салу деп түсінеді. Инвестицияға нақты және қайталанбайтын анықтама беру үшін ол өте ауқымды ұғым. Әртүрлі тәжірибелік салалар мен әртүрлі экономикалық салаларда ол өз ерекшеліктерін көрсетеді.



“инвестиция” – бұл өндірістік теорияда және бүкіл макроэкономикада, инвестиция жаңа капитал құру процесі болып табылады. Ал, енді соңғысы, қаржылық теорияда “инвестиция” қазіргі кезеңдегі “шығын”, болашақта табыс әкеледі деген мақсатпен нақты және қаржылық активтерді сатып алу. Нақтырақ айтқанда, инвестициялар – бұл бүгінгі күндегі анықталған құнның болашақта мүмкін болатын құнмен айырбасы



Инвестиция негізінен екі формада болады



тікелей



портфельді





Тікелей инвестиция

өнеркәсіп, сауда, т.б. шаруашылық салаларына жұмсалатын күрделі қаржы. Портфельдік инвестициялар - шетелдік бағалы қағаздарға жұмсалатын қаржы.

Портфельді инвестициялар – қаржыны жобалар тобына құю, мысалы әр түрлі кәсіпорындардың акцияларын сатып алу

Инвестицияның ақшалай капиталдан ерекшелігі

инвестиция
капиталдың
құрылуымен

нақты физикалық ұғымдағы
физикалық капиталдың
ұлғаюымен байланысты

1.2 Инвестициялық климаттың ел экономикасындағы атқаратын қызметтері мен рөлі

Инвестициялық климат дегеніміз – инвестордың тиімді капитал салуға жұмсау саясаты, экономиканы мәдениетті барлық жағдай мен шараларды есепке алу. Басқаша айтқанда инвестициялық климаттың анықтамасы – инвестицияны бөлуге жайлы жағдай жасайтын капиталды сыртқа шығаратын елдердің экономикалық саяси табиғи ресурстардың және арнаулы іс-әрекеттің жиынтығын білдіреді.

Көптеген шетелдік және жергілікті экономистер инвестициялық климат және сыртқы факторлар түсінігіне геосаяси орналасу орнын басқа ұлттық рыноктарға жақындығын да қосады. Еліміздің бизнес-климатын талдау барысында күрделі қаржы бөлудің барлық параметрлерін балмен бағалайды, содан кейін жалпы қортындыға келтіреді. Қорытындысында инвестициялық тәуекел көрсеткіш немесе елдің инвестициялауға сенімділік көрсеткіші арқылы инвестициялық климаты сандық жағынан өлшеу мүмкін болады. Бұл көрсеткіштер инвесторлардың тәуекел мен шығынын сондай-ақ шетелдік капиталды тартуға тұтынушы елдің шығынын білдіреді



Елде инвестициялық климат нашар болған сайын күрделі қаржыны тарту шығыны жоғары болады. Демек, инвестициялық климаттың жағдайы дерексіз түсінік емес, керісінше өзінің материалдық көлемін білдіреді. Шетелдік инвестицияны тартуға өте үлкен әсер ететін себеп ол-ұлттық экономиканың даму деңгейі болып саналады.

Мемлекетке қолайлы инвестициялық климат жасау - бұл әртүрлі шаралардың кешені:

1. мемлекет нарығының әлеуетті сипаттамасы;
2. табиғи және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі;
3. экономикалық реформалардың жағдайы мен оның жүзеге асырылуы;
4. инвестициялық қызметке арналған заң шығарушы базасы;
5. нарықтық инфрақұрылым мен валюталық нарықтың дамуы;
6. банктік жүйенің тұрақтылығы;
7. саяси климаттың тұрақтылығы мен бағыттылығы.

Шетелдің инвесторлар жоғарыда айтылған барлық көрсеткіштер бойынша зерттеп, жоспарлап, шешім қабылдайды



2 Қазақстан экономикасындағы ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЛИМАТҚА ТАЛДАУ.

Республиканың әлеуметтік – экономикалық дамуын басқарудың түпкілікті жаңа жүйесіне көшу осы процестің басты мәселелерін анықтауға себепші болады. Олардың бірі болып инвестициялық қамсыздандыру мәселесі табылады. Көшудің алғашқы кезеңінде заң шығаратын негіздер мен ұйымдық құрылымдарды құру, сондай-ақ, республиканың қаржылық ресурстарын пайдалану мен шетел инвестицияларын тарту жөніндегі өзіндік саясатты құру қажет болды. Қазақстандағы мемлекеттік инвестициялар жүйесін оңтайландыру мақсатымен инвестицияларды басқарудың заң шығаратын негізі мен органдары құрылды. Осы мәселе бойынша шаралардың біртұтас кешені қабылдануда. Соның ішінде, “Шетел инвестициялары туралы” Заң (1991ж.); “Инвестициялық жекешелендіру қорлары жөніндегі Ереже” (1993ж.) ; “Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары бойынша ұлттық агенттігін құру туралы ” ҚР Президентінің Жарлығы (маусым 1992ж.); “Инвестициялар бойынша ҚР Мемлекеттік комитетін құру жөніндегі” ҚР Президентінің Жарлығы (қараша 1996ж.); “Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы ”ҚР-ның Заңы (наурыз 1997ж.) және жекеленген жылдарға арналған инвестициялық бағдарламалар қабылданды.

Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, біздің кең-байтақ жерімізде 7 триллион доллардың минералдық шикізаты шоғырланған. Мұнай өндіруден 2015 жылға қарай 180 млн.тоннаға жетуді межелеп отырған елімізде қазір жыл сайын оның 50 млн.тоннасы өндірілуде. Яғни Қазақстан - ресурстарына бай, инвестиция салуға тұрақтылығы басты кепілдік бола алатын ел. Нақты деректерге арқа сүйесек, ҚР-ның ішкі қаржы ресурсы мен шетелдік капиталды қоса есептегенде негізгі капиталға түскен инвестиция мөлшері 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 19%-ке өсіп, 119 млрд.теңгеге жетті.



Кесте 1. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметтің тенденциясы

Оң жақтары	Теріс жақтары
“Инвестициялар туралы” заңды қабылдау арқылы Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті заңдылық жабдықтаулардың жетілдірілуі	Шетелдік инвестиция көлемінің негіз-гі бөлігінің Қазақстан Республикасындағы минералды-шикізат кеше-ніне бағытталуы
Шетелдік инвестиция аударудағы жетістіктер	Капиталдық салымдардың Республика аймақтарына біртекті бөлініп таратылмауы
Әлемдік рейтингтерде өзінің қолайлы инвестициялық климатымен жоғары бағалануы	Ұлттық экономика салаларындағы инвестициялық белсенділіктің қалып-сыздығы

1993 жылдан осы кезеңге дейін Қазақстан экономикасына 143,8 миллиардтан астам АҚШ доллары көлемінде тура шетел инвестициясы тартылды. Сараптамалық бағалау бойынша Орталық Азияға келген тура инвестициялардың 80 пайыздан астамын Қазақстан экономикасы алып отыр. Дүниежүзілік банк біздің елімізді инвестициялар әкелуге өте қолайлы 20 елдің қатарына қосты. Халықаралық "Moody's Investors Service" рейтинг агенттігі Қазақстанға қаржыландыру мен инвестициялаудың жаңа, өте жоғары рейтингін берді. Бұл Қаржы министірлігіне төмен пайызбен, біріншіден, кредиттер алуына мүмкіндік береді. Екіншіден, екінші деңгейдің барлық банктерінің тиісті рейтингтері жоғарылайды.



i Инвесторлар үшін әкімшілік жүктемені барынша азайту мен олардың мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуін жеңілдету мақсатында
300-ДЕН АСТАМ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ.



\$ Жыл басынан бері бүкіл ел бойынша **3000-НАН АСТАМ ИНВЕСТОР ЖҮГІНДІ.** Оның 2500-ден астамына мемлекеттік қызмет көрсетілді.

📱 2017 жылдан бастап инвесторлар **ONLINE РЕЖИМІНДЕ** кеңестер мен мемлекеттік **ҚЫЗМЕТТЕР АЛА АЛАТЫН БОЛАДЫ**

Инвестициялық омбудсмен институты аясында инвесторлардың құқығын қорғау жұмыстары жалғасады. Омбудсменнің жұмысы барысында (2015 жылдан бері) **90-нан астам инвестор жүгінді.** Оның басым көпшілігі рұқсат беру мәселесі.

Қазақстан шетелдік инвестиция тартудан ТМД елдері арасында бірінші орынға шықты.

Кесте 2.

Қазақстан Республикасына ең көп инвестиция салған мемлекеттер %-дық үлесімен (1993-2016жж)

АҚШ	ҰЛЫБРИТАНИЯ	ИТАЛИЯ	ШВЕЙЦАРИЯ
30,7%	13,7%	7,0%	5,7%

Кестеге талдау:

Бұл ретте салынған тікелей инвестиция жалпы көлемінің салынды:

54,4%-ы мұнай-газ секторына


20,1%-ы түсті металлургияға

3,8%-ы қара металлургияға

3,4%-ы тамақ өнеркәсібіне

3,7%-ы энергет. кешенге

Тартылған шетел инвестицияларының ҚР салалары бойынша үлесі, %-бен, 2011-2016



ИНВЕСТИКЛИМАТТЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС

MID.GOV.KZ



НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (ҚР ҰЗМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША)



Тікелей шетелдік инвестиция (ТШИ) (ҚР ҰЛТТЫҚ БАНК МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША)



»» **\$ 2,7 МЛРД.**

2016 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНДА

инвестиция қарқынының қалпына келгені байқалды.
Таза ТШИ ағыны 5,5 есеге үлкейді

Бірлескен кәсіпорындар құру мақсатында, оның ішінде экспортты тауарлар өндіру, Қазақстанды әлемдік нарыққа шығару үшін бірқатар трансұлттық компания тартылды.



1

2017 жылы ӘБДҰ-і Инвестициялық комитетінің құрамына кіру бойынша жетекші жұмыстар жүргізілуде



Инвесторлар үшін миграциялық және визалық мәселелер жеңілдетілді



Самалдық және кезеңдік әкімшілендіру жақсартылды



Инвесторларды тартудың жүйелік тәсілдері жетілдірілді

Инвестициялық климатты жақсарту жұмыстары

2

Инвестиция тартудың тәртіпін сақтау



10 маңдаулы елге инвестиция бойынша арнайы кеңесшілер барады



KazneInvest-н 5 аймақтық фронт-кеңесші ашылды (АҚШ, Германия, Түркия, КХР, БАӘ)



Шетелдік инвесторлармен жасасқан келісімдердің жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу жүйесі құрылды. («follow up» қағазды бойынша)

Инвестицияның орны толу мерзімі, тәуекелділік жағдайы, алдағы инфляция қарқыны, салық төлемдерінің жағдайына қарай келіп, оның тиімділігін қалай анықтауға болады? Сұрақтан сұрақ туып, басқадай тиімді тәсілдің болмағаны ма?



Ең тиімді, оңай тәсіл болып, ақшаны дұрыс пайдалану тек оны банкке салып, процент алу ғана. Осыдан келіп, ең бірінші ережеге айналғаны: ақшаны банкте сақтаудан гөрі қаржыны өндіріске жұмсап, бағалы қағаздарға және тағы басқаға беру арқылы, егер бұлардан таза пайданы (салықты шығарып тастағанда) көбірек алғанда.

Мысал

Инвестициялық шешімге барғанда, онымен бірге инфляцияны да есепке алу қажет. Егер, біз жыл аяғында пайданы 100.000 теңге көлемінде аламыз деп есептесек, алдағы болатын инфляция қарқынын 10% деп есептесек, онда нағыз пайда 90мың теңге ғана болады.

Егер инвестор 100 мың теңгені 15% жылдық өсіммен салғанда, инфляция болмаса, жыл аяғында 15000 кіріс алады. Сондықтан, 10% инфляция болғанда, инвестор жылдық процентті ($15\% + 10\% = 25\%$) 15% кем салуына болмайды.

Тағы бір мысал келтірейік.

Сіз бір шаруашылық объектісін салуға 500 мың теңге салатын болдыңыз. Егер инфляция деңгейінің болжамы жылына 8% болады делінгенде, онда сіздің салған инвестицияңыздың тиімді болуы мына жағдайларға байланысты болады:

Егер жылына алатын пайдаңыз 40 теңгеден асқанда, яғни 500 мың теңгеден 8% - түскен. Онда мұндай әдіспен баруыңыз сіздің инвестицияны сақтауды және ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

3 ҚР инвестициялық климатының мәселелері мен дамыту жолдары

Шетелдік инвестицияларды тарту – елдің жалпы экономикалық саясатының басымдықтарының бірі. Осы орайда, бүгінде Қазақстанды өңірлік инвестициялық орталық ретінде қалыптастыру мақсатында барлық мүмкіндіктер жасалып, іс-шаралар атқарылуда. Мәселен, индустрияландырудың бірінші бесжылдығы кезеңінде БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясының (ЮНКТАД) бағалауы бойынша, Қазақстан шетелдік тікелей инвестицияларды тарту көлемі бойынша ТОП-20 көшбасшы елдердің қатарына кіріп, өтпелі экономикалы елдер арасында екінші орынға тұрақтаған.

ШЕТЕЛ ИНВЕТОРЛАР КЕҢЕСІ

Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстан Президентінің төрағалығымен жүзеге асырылатын кеңесші-консультативті орган болып табылады. Кеңес 1998 жылы елдегі инвестициялық қызмет пен инвестициялық ахуалды жақсартумен тікелей байланысты өзекті мәселелерді тиімді шешу үшін мемлекет пен шетелдік инвесторлар арасындағы тікелей үнқатысуды қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Елдің инвестициялық саясаты мен экономикалық дамуының басты аспектілері бойынша Қазақстан Президенті мен Үкіметінің қарауына ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу Кеңестің басты міндеті саналады.

Инвесторларға жәрдемдесудің тағы бір маңызды шарасы ретінде қаржылық қолдау мәселесі аталды. Индустрияландырудың жаңа бағдарламасын жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен бес жыл бойына шамамен 600 миллиард теңге бөлінеді. Сондай-ақ, Ұлттық қордан тағы 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылдадық. Оған қосымша, Дүниежүзілік банкпен, Еуропа Қайта құру және даму банкімен, Азия даму банкімен және Ислам банкімен негіздемелік келісімге де қол қойдық, деді Қазақстан Президенті.

Шетелдік инвесторлар көмегімен, біздің ойымызша, мынадай міндеттерді орындауға болады:

- 1) аймақтық жоғары бағаланған жаңадан табылған салалардың дамуын ынталандырып қолдау (негізгі іс атқарғыш күштерді аймақ территориясына орналастыру);
- 2) өндірістің бірқатар тұйықталған жүйесін құру (мүмкіндігінше дайын өнім өндіру);
- 3) белгілі салалардағы ұлттық және шетелдік кәсіпорындарға өзара тиімді бәсекеге түсуді қамтамасыз ету үшін қолайлы арақатынасқа жағдай жасау.

Бұл міндеттердің орындалуы, жалпы басқа өте маңызды экономикалық қиындықтарды шешуге әсер еткен болар еді:

- 1) жұмыспен толық қамтамасыз ету;
- 2) жоғарғы деңгейдегі капитал (күрделі қаржы) қайтарымына жету;
- 3) бұрын өндірісте өндірістік мақсатқа жарамайды деп пайдаланылмаған жергілікті шикізат пен материалдарды, ресурстарды шаруашылық айналысына игеру;
- 4) пайдалану шығындырын төмендету.

БІРІККЕН КӘСІПОРЫНДАР ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ

Республикаға өте қажетті ондаған жобалар жүзеге асырылып жатыр. Мысалы: Астанада ағылшындар 300 орындық аурухана салуды қолға алды. Сызғанов атындағы Хирургия Ғылыми Орталығы балалардың денсаулығын қалпына келтіру орталығына ЦБР-дің несиесі, ауылшаруашылығында жекешелендіру мен реформаны қолдау және фермерлік шаруашылықты дамытуға МБРР жобасы, шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін Германияның несие беру бағыты және көптеген басқа жобалар

ТУРА ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ

Тау-кен өнеркәсіптік кешеніндегі тура шетелдік инвестиция арқылы Біріккен кәсіпорынның ең ірі және өте белгілісі Семей облысы, Бақыршақ кен орнында ашылған алтын мышьяқты руданы өндіру мен өңдейтін фирма «Минпрон-Чилевич» және НАК «Алтын Алмас». Инвестицияның болжамдағы көлемі 212 млн. АҚШ доллары. Ол 30 жылға аралықтағы қызметінде 930 млн. АҚШ доллары көлемінде таза табыс алынады деп күтілуде, оның 230 млн. доллары мемлекетке беріледі, ал НАК "Алтын Алмас" үлесі сыбағасы 490 млн. АҚШ доллары.

Қорытынды

Ел аумағындағы инвестициялар ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесін анықтайды. Жаңа кәсіпорындар құрылысы, үй тұрғызу, жол салуларға байланысты жаңа жұмыс орнын жасау инвестициялық процестерге немесе капиталдың құрылуына тәуелді.

Инвестиция көзі - жинақ. Мәселе мынада - жинақты бір шаруашылық агенті жүргізіп, ал инвестицияны басқа адамдар немесе шаруашылық жүргізуші субъектілер жүгізуі мүмкін. Көпшілік адамдардың жинағы инвестиция көзі болып табылады. Алайда, бұл адамдар қоғамдық капиталдардың нақты өсуімен байланысты ұйымдастыру немесе инвестициялауды жүргізбейді. Әрине, инвестиция көзі қоғамдағы жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және тағы басқа да кәсіпорындардың жинағы болып табылады. Мұнда “жинақшы” мен инвестор сәйкес келеді, алайда, бір мезгілде жұмыскер де кәсіпкер де бола алмайтын жалдамалы жұмысшының жинағының ролі едәуір үлкен, сондықтан жинақ пен инвестициялау процестерінің сәйкес келмеуі экономикалық тепе-теңдіктен ауытқуына әкелуі мүмкін. Кез келген мемлекетке шетел инвестицияларының келуі және олардың тиімділігі инвестициялық жағдайдың қолайлығымен түсіндіріледі. Жалпы еліміздің бизнес-климатын талдау барысында күрделі қаржы бөлудің барлық параметрлерін балмен бағалайды, содан кейін жалпы қорытындыға келеді. Қорытындысында инвестициялық тәуекел көрсеткішін немесе елдің инвестициялауға сенімділік көрсеткіші арқылы инвестициялық климатты сандық жағынан өлшеу мүмкін болады. Бұл көрсеткіш инвестордың тәуекелі мен шығынын, сондай-ақ шетелдік капиталды тартуға тұтынушы елдің шығынын білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда.- 2007, 21 октября.-С.21.
2. Сагандыков С. Иностранные инвестиции в Казахстане: анализ и прогноз инвестиционных процессов в экономике. – Алматы, Ғылым, 2012.- 138с.
3. Сагадиев К., Канатчинова А. Развитие инвестиционного процесса в РК как фактор преодоления экономического кризиса. – Алматы, Азия - Экономика и жизнь, 2014.- №12, 13, 14.
4. Сысоев Л., Сутюшева Н. Инвестиционный климат, привлечение и регулирование иностранных инвестиций // «Саясат», 2013.- № 3, С.7
5. «Инвестиция туралы» Қазақстан Республикасының заңы // 20 қаңтар 2011 жыл.
6. Инвестиции в реальный сектор экономики: проблемы оценки и развития: Монография. – Алматы «Экономика», 2014.- С.92-170.
7. Оспанов М.Г., Мухамбетов Т.И. Иностранный капитал и инвестиции: вопросы теории, практики привлечения и использования. Алматы: “Факсинформ”, 2012.- 89-149с.
8. Игошин Н.В. Инвестиции. Учебник для вузов.-М.: Финансы, ЮНИТИ, 2015.-312-337с.
9. Казахстан: анализ торговой и инвестиционной политики. Астана; Алматы; Аркаим, 2012.-385-409с.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!